

JEL classification: E52

**THE EFFECTIVENESS OF THE POLICY OF STABILIZATION OF THE NATIONAL CURRENCY
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Baisholanova K.S.,

Doctor of Economics

Acting Professor at Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

Sartanova N.T.,

Ph.D., Associate Professor at Kostanay State University named after A.Baitursynov

Kostanay, Kazakhstan

Zhanibekova G.K.,

PhD, Acting Associate Professor at Caspian University

Almaty, Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose – Study of the effectiveness of the monetary policy of the National Bank of the Republic of Kazakhstan and suggest directions for its improvement. The study of the theoretical and methodological foundations of monetary policy, the mechanism for implementing monetary policy in the Republic of Kazakhstan, determining the importance of the exchange rate as a regulatory tool, identifying monetary policy problems and proposing ways to improve it.

Methodology – when writing the article, were used the following methods of economic analysis: a synthesis of theoretical concepts, methods of expert, mathematical and economic analysis.

Originality – the results and proposals presented in the article can be used in the preparation of the monetary policy of the National Bank of the Republic of Kazakhstan and in the implementation of the monetary policy of commercial banks.

Findings – the effectiveness of the monetary policy of the National Bank of the Republic of Kazakhstan was evaluated and ways for its improvement were proposed.

Keywords – monetary policy, exchange rate, currency regulation, monetary policy, stabilization.

ӘОК 336.02
ҒТАМИ 06.73.07

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ САЯСАТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Байшоланова К.С.,

э.ғ.д., профессор м.а.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

Сартанова Н.Т.,

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Қостанай, Қазақстан

Жанибекова Г.К.,

PhD, қауымдастырылған профессор (доцент) м.а.

Каспий университеті

Алматы, Қазақстан

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық саясатын жүзеге асырудың тиімділігін зерттеу және оны жетілдіру бағыттарын ұсыну. Сонымен қатар, валюталық саясат ұғымының теориялық-әдістемелік негіздерін зерделеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюта саясатын жүзеге асыру механизмін зерттеу, валюталық бағамның реттеу құралы ретінде маңызын анықтау, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық саясатын әзірлеу мәселелерін анықтап, оны жүзеге асырудың бағыттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау міндеттері қойылды.

Әдіснама – мақаланы жазу барысында экономикалық талдаудың келесі әдістері қолданылады: теориялық концепцияларды жалпылау, салыстырмалы және сараптамалық, математикалық-экономикалық талдау әдістері.

Түпнұсқалылық/құндылық – мақалада жүргізілген талдау жұмыстарын, берілген ұсыныстар мен қорытындыларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық саясатын әзірлеуде, коммерциялық банктердің валюталық саясатты жүзеге асыруда қолдануға болады.

Қорытындылар – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық саясатының тиімділігі бағаланып, оны жүзеге асыру жолдарын жетілдіру бағыттары ұсынылды.

Түйін сөздер – валюталық саясат, валюта бағамы, валюталық реттеу, ақша-несие саясаты, тұрақтандыру.

КІРІСПЕ

Бүгінгі күні валюталық қатынастарды жетілдіру үшін көптеген түрлі жағдайлар жасалында. Қазақстан Республикасында (бұдан ары - ҚР) нарықтық экономиканы дамыту және екі деңгейлі банктік жүйені белгілеу еліміздің валюта нарығындағы проблемаларының алғашқы міндеттерінің шешімін, жаңа валюталық саясаттың қалыптасуын талап етті. Осы қатынастарды реттеу нарықтық механизм арқылы, сондай-ақ мемлекеттің валюталық қатынастарға араласуы арқылы жүзеге асырылады. Валюта қатынастарын мемлекеттік реттеу валюта операциялары мен халықаралық есеп айырысуларды жүргізу тәртібін регламенттеу арқылы жүзеге асырылуда.

Көпшілік елдерде валютаны шетелге әкету лимиті бекітілген, шетелдік заңды тұлғаларға несие беруге рұқсаттың арнайы жүйелері енгізілген [1]. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі валюталық реттеудің көмегімен валюталық операцияларды, шетелдік заңды және жеке тұлғаларға несиелер мен

заемдар беруді, валютаны шетелге әкетуді, одан әкелуді және аударуды мемлекет бақылауына алуға, және сонымен қатар, төлем балансының тепе-теңдігі мен валютаның тұрақтылығын ұстап тұруға тырысады.

Валюталық бағамның өзгеру перспективасы бойынша мәселеге байланысты экономист-ғалымдар және көптеген сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында қызу пікірталастар ұдайы жалғасуда [2]. Осы тұрғыда валюталық саясат және ұлттық валютаны тұрақтандыру мәселесін зерттеудің өте өзекті екені айқын.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Қазақстан Республикасының валюталық саясаты ұлттық валютаның және ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Нарық экономикасына өту жағдайында және экономикалық дағдарысты жоюда, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуде ҚР Ұлттық Банкі маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары ақша-несие саясаты түбірлі өзгерістерге ұшырады: Ұлттық Банк айырбастау бағамын басқарудан бас тартты және инфляцияны таргеттеуге кірісті. Ақша және валюта нарықтарын дамыту ақша-несие эволюциясынан және бағам айырмасынан ажырамай өтті. Айырбастау бағамының икемділігі бағамдық күтулердің бір бағыттылығын жоя отырып, теңгеге деген сенімділікті қалпына келтірді. Айырбастау бағамына қысымның әлсіреуіне байланысты пайыздық мөлшерлемелерді басқару және тұрақтандыру үшін мүмкіндік ашылды. Нәтижесінде, теңгелік өтімділік нарығында талаптар жақсарды, мөлшерлемелер, әсіресе репо нарығында барынша тұрақты болды, алдын ала болжау шегі бір жыл шегінен тыс кеңейді, кредиттік ұйымдардың өтімділікті басқару міндеті айтарлықтай жеңілдеді және банк жүйесі үшін өтімділік тәуекелдері төмендеді [3].

2017 жылы ақша және валюта нарықтарының тарапынан қаржы жүйесі үшін тәуекелдер айтарлықтай төмендеді. Ұлттық Банктің валюта нарығында өктемдіктерден бас тартуына қарай айырбастау бағамының дислокациясы анық әрі жүйелік сипатын жоғалтты, бірақ құрылымдық және институционалдық факторлар нарықта баға белгілеудің тиімділігін тежеуін жалғастыруда және белгісіздіктің маңызды факторлары болып қалуда. Айырбастау бағамы режимінің ауысуы ақша нарығында пайыздық мөлшерлемелердің тұрақтануына және қысқа мерзімді болашақта күтулерді қалыптастыру процесін оңтайландыруға мүмкіндік берді. Нарыққа қатысушылар үшін қалған тәуекелдер Ұлттық Банктің бастапқы өтімділік ұсынысын басқаруы үшін пайдаланатын активтер мерзімінің қысқа болуымен байланысты [4].

2013-2017 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қысқа мерзімді теңгемен өтімділікті беру және алу бойынша ақша-кредит саясатының құралдар жүйесін кеңейтіп, сондай-ақ өзінің ішкі ақша нарығына қатысуды ұлғайтуды жүзеге асырып келді.

1-кестеде ішкі валюта нарығындағы операциялар бойынша 5 жылдық талдаулар жүргізілген, 3 елдің валютасының ішкі нарықта алатын орны қарастырылған [5].

Кесте 1. Ішкі валюта нарығындағы операциялар.

жыл- дар	USD (валютаның млн.бірлігі/			EUR (валютаның мыңдық бірлігі/			RUB(валютаның млн.бірлігі/		
	KASE	ББВР / ВМВР	АО / ОП	KASE	ББВР / ВМВР	АО / ОП	KASE	ББВР / ВМВР	АО / ОП
	Сауда-саттық көлемі	Банк-резидент мәміле көлемі	Нетто-операц.	Сауда-саттық көлемі	Банк-резидент мәміле көлемі	Нетто-операц.	Сауда-саттық көлемі	Банк-резидент мәміле көлемі	Нетто операц.
2013	70 498	22 003	12 414	299 400	548 443	800 625	5 197	5 094	14 028
2014	55 296	18 324	12 895	12 000	519 312	675 969	8 273	4 020	18 382
2015	57 513	12 435	12 219	12 500	400 231	954 695	4 239	2 439	30 100
2016	89 006	8 120	14 239	82 600	101 347	1 317 888	11 636	7 404	76 057
2017	55 826	4 121	7 690	38 200	39 642	612 551	18 319	12 045	176 428

Ескерту - Ұлттық Банктің ресми басылымдары және жарияланымдары негізінде авторлармен құрастырылған.

1-кестеден байқағанымыздай, ішкі валюта нарығындағы сауда саттық көлемі бойынша жүргізілетін ең көп операцияны АҚШ доллары алады екен. 2017 жылы доллармен жасалған сауда саттықтағы операция 55 826 млн.доллар болған. Одан кейінгі орында EUR 38200 мыңдық бірлікпен жауып отырса, Ресей ақшасымен 18 319 млн.рубль көлемінде сауда саттық операциялары жүргізілген [5].

Кесте 2. ЕУРО-ның айырбас бағамдары/ теңге 1 EUR-ге.

жылдар	Ресми айырбастау бағамдары/		Биржалық айырбастау бағамдары/	
	Кезеңге орташа	Кезеңнің соңына	Кезеңге орташа	Кезеңнің соңына
2011	204,11	191,36	204,05	191,80
2012	191,67	199,49	191,96	198,58
2013	202,09	211,17	202,31	211,30
2014	238,10	221,97	239,69	223,70
2015	245,80	371,31	245,79	371,10
2016	378,63	348,94	379,51	351,35
2017	368,32	395,29	369,17	396,45

Ескерту - Ұлттық Банктің ресми басылымдары және жарияланымдары негізінде авторлармен құрастырылған.

2-кестеден байқағанымыздай, 2017 жылы ресми айырбастау бағамдары жыл соңына 395,29теңгені құраған болса, 2016 жылы сол көрсеткіш 348,94 болып, артып отыр[5].

Кесте 3. АҚШ долларының айырбас бағамдары/теңге 1 АҚШ \$.

жылдар	Ресми айырбастау бағамдары		Биржалық айырбастау бағамдары	
	Кезеңге орташа	Кезеңнің соңына	Кезеңге орташа	Кезеңнің соңына
2011	146,62	148,04	146,64	148,40
2012	149,11	150,29	149,08	150,74
2013	152,13	153,61	152,15	154,06
2014	179,19	182,35	179,49	182,35
2015	221,73	321,47	222,51	339,01
2016	342,16	333,28	342,17	333,29
2017	326,00	331,31	325,95	332,33

Ескерту - Ұлттық Банктің ресми басылымдары және жарияланымдары негізінде авторлармен құрастырылған.

3-кестеден байқағанымыздай, 2016 жылы доллар бағамы -1,98 кемісе, 2017 жылы бағам өзгерісі 0,29 көрсетіп отыр. Бұл валюта саясатының дұрыс бағытта жүргізілуінің бірден-бір айғағы [5].

Жоғары долларланудың мынадай себептерін атап көрсетуге болады: макроэкономикалық тұрақсыздық, ол нақты пайыздық мөлшерлемелердің және ЖІӨ-нің өсу қарқынының жоғары ауытқуын білдіреді және құрылымдық экономикалық проблемаларды да атап кеткен жөн [6].

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп Қазақстан экономикасын долларландыру деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеген болатын. Жоспар үш негізгі стратегиялық бағытты қамтиды: макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту және көлеңкелі айналымды қысқарту, ұлттық валютаның шетел валютасынан басымдығын қамтамасыз ету.

Бірінші бағыт бойынша, Жоспарда экономиканы әртараптандыру және өндірілетін тауарларда, жұмыстарда және көрсетілетін қызметтерде қазақстандық қамтуды арттыру жөніндегі шаралар көзделген.

Екінші бағыт бойынша, қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту жөніндегі шаралар көзделген.

Үшінші бағыт бойынша, халықтың ұлттық валютадағы депозиттері бойынша кепілдік беру мөлшерін 5 млн.теңгеден 10 млн.теңгеге дейін ұлғайту, халықтың шетел валютасындағы депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін жылдық 3%-ға дейін төмендету, банктерге өтімділік беру және банк секторын сауықтыру, бағаны шетел валютасында (оның ішінде шартты бірліктермен) көрсетуге тыйым салуды белгілеу көзделген.

Алайда, экономиканы долларландыру деңгейін төмендету - ұзақ үдеріс [7]. Оны Үкімет пен Ұлттық Банктің ғана емес, экономиканың барлық субъектілерінің тұрақты әрі жоспарлы жұмысының нәтижесінде ғана табысты іске асыру мүмкін.

Кесте 4. Екінші деңгейдегі банктердің қолма-қол шетел валютасын әкелу-әкетуі туралы мәліметтер, валютаның мыңдық бірлігі.

жылдар	USD			EUR		
	Әкелу	Әкету	Әкелу-әкету сальдосы	Әкелу	Әкету	Әкелу-әкету сальдосы
2013	4 230 171	15 645	4 214 526	435 986	39 134	396 852
2014	6 178 171	14 647	6 163 524	445 985	39 135	38 690
2015	6 199 170	14 677	6 184 493	456 986	39 235	417 751
2016	6 757 910	84 679	6 673 231	739 731	795	738 936
2017	4 031 402	23 420	4 007 982	329 955	8 066	321 889

Ескерту - Ұлттық Банктің ресми басылымдары және жарияланымдары негізінде авторлармен құрастырылған.


4-кестеден байқағанымыздай, екінші деңгейдегі банктердің қолма-қол шетел валютасын әкелу-әкетуі туралы мәліметтер 2013 жылы әкелу-әкету сальдосы АҚШ доллары бойынша 4 214 526 мың бірлікті құраса, ЕУРО 396 852 мың бірлікті құраған. 2017 жылы АҚШ доллары бойынша әкелу-әкету сальдосы 4 007 982 мыңдық бірлікті құраса, ЕУРО бойынша, 321 889 мыңдық бірлікті құраған [8].

Қазіргі таңда, ел ішіндегі валюта нарығындағы сауда саттық көлемі бойынша ең көп операцияны АҚШ доллары алып отыр. 2017 жылы доллармен жасалған сауда саттықтағы операция 55 826 млн. доллар, екінші орынды EUR 38200 мыңдық бірлікпен жауып отырса, Ресей ақшасымен 18 319 млн. рубль көлемінде сауда саттық операциялары жүргізілген. ҚР бойынша екінші деңгейдегі банктердің активтері 2017 жылды 2013 жылмен салыстырғанда активтер 85,5%-ға өскен. ҚР екінші деңгейдегі банктерінің міндеттемелері 01.01.2018 жылды базистік 01.01.2014 жылмен салыстырғанда өсім 84,9% көрсетіп отыр [8].

2016-2017 жылдары тұрақтану кезеңінде Ұлттық Банк пайыздық мөлшерлемелерді басқару саясатына түпкілікті көшті және айырбастау бағамын бақылаудан бас тартты. Кезең теңгелік активтерге деген сұраныстың қалпына келуімен, пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуімен және тұрақтануымен, айырбастау бағамына қысымның азаюымен, айырбастау бағамының құбылмалылығын айырбастау бағамын еркін қалыптастыру саясатымен үйлестіретін деңгейде тұрақтандырумен сипатталады.

Айырбастау бағамын басқарудан бас тарту ақша нарығында ахуалды қалпына келуі үшін жағдайлар жасады. 2016 жылдың басынан бері Ұлттық Банк ақша нарығына оралды және пайыздық мөлшерлемелерге бақылау жасауды күшейтті. Қаңтардың басында мөлшерлемелер 70% деңгейінде болды, одан кейін 10 пайыздық тармақпен біртіндеп төмендеді. Қаңтардың соңында мөлшерлемелер 25%-ға дейін төмендеді [9].


Ақша және валюта нарығындағы тұрақтануға қарай Ұлттық Банк іргелі факторлардың серпініне байланысты емес теңгенің айырбастау бағамының күрт өзгеруін реттеу үшін өктемдік жүргізу құқығын өзінде қалдыра отырып, бірте-бірте өзінің қатысуын қысқарта бастады (1-сурет).



Сурет 1 – Ұлттық Банктің ҚҚБ-да шетел валютасын нетто сатып алуы

Ескерту – ҚР ҰБ 2012-2017жж. қаржылық тұрақтылық туралы есебі негізінде құрастырылған.

2016 жылғы ақпанда үш айлық үзілістен кейін Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 17% деңгейінде, бірақ TONIA нысаналы мөлшерлемесі үшін $\pm 2\%$ неғұрлым тар дәлізбен белгіледі. Бұдан былайғы екі жыл ішінде Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені бірте-бірте төмендетті және TONIA-ны нысаналы дәлізде ұстап тұрды (2-сурет).



Сурет 2 – Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені төмендетуі


Ескерту – ҚР ҰБ 2012-2017жж. қаржылық тұрақтылық туралы есебі негізінде құрастырылған.

Оған қоса, автономдық факторлар тарапынан, яғни Ұлттық Банктен тікелей байланысты емес факторлар әсерінен өтімділіктің ұсынысы айтарлықтай өсті. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін сыртқы жинақтарды айырбастау нәтижесінде Ұлттық Банктің балансында үкіметтік шоттардың өсуі теңгемен өтімділіктің автономды ұсынысының негізгі көздерінің бірі болды. Ішкі мемлекеттік борышты орналастыру көлемі шамалы болды. Резиденттер алдындағы мемлекеттік борышты өтеу сол сияқты өтімділік ұсынысын ұлғайтты. Өтімділіктің үлкен көлемі бюджеттік арна арқылы келіп түсті, трансферттер 2016 жылы 2,9 трлн. теңге және 2017 жылы 4,4 трлн. теңге болды.

Теңгенің күшеюі кезеңінде 2016 жылдың бірінші жартысында өте тез болған банктік салымдарды долларсыздандыру екінші фактор болды. Теңгеге деген сенімнің артуы нәтижесінде салымшылар салымдарын валютадан теңгеге айналдыруды жүргізді. Соның нәтижесінде банктер нарықтағы түскен валютаны теңгемен өтімділіктің орнына сатты. Жалпы алғанда 2016 жылы салымдарды долларсыздандыру шеңберінде банктердің салымшылар алдындағы теңгемен міндеттемелері 3,2 млрд. теңгеге, 2017 жылы тағы да 0,7 млрд. теңгеге ұлғайды [11].

Салымдарды долларсыздандырудың Ұлттық Банктің және банктердің шоттарына әсері Ұлттық Банк банктерге берген ұзақ мерзімді валюталық swapтарды жабұмен ішінара өтелді.

Нәтижесінде, Ұлттық Банк алуға тиіс өтімділіктің көлемі 2016 жылдың соңына қарай шамамен 3,2 трлн. теңгені және 2017 жылдың соңына қарай 3,8 трлн. теңгені құрады (3-сурет).



Сурет 3 – Ұлттық Банк операциялары бойынша ашық позиция

Ескерту – ҚР ҰБ 2012-2017жж. қаржылық тұрақтылық туралы есебі негізінде құрастырылған.

Өтімділік ұсынысын басқару міндеті пайыздық мөлшерлемелер саясатына бағынысты болды. Алғаш рет Қазақстанның ақша-несие саясаты тарихында Ұлттық Банк мөлшерлемелер дәлізінің төменгі шегін қорғау үшін өтімділікті алу бойынша операциялар жүргізді. Пайыздық мөлшерлемелер саясатын жүргізудегі табандылық және бірізділік оған үлкен сенімділік берді. Базалық мөлшерлемені енгізу және шешімдерді негіздеудің тұрақты байланысы нарыққа қатысушыларға қорландыру құны бойынша мөлшерлеме бойынша келесі шешімге дейін қысқа мерзімді болашақта бағдар беріп қана қоймай, сол сияқты неғұрлым ұзақ уақытқа күтулерді қалыптастыру үшін негіз болды.

2017 жылы валюталық бақылаудың тиімділігін және капиталды елден шығаруға қарсы іс-қимылды күшейтуге қажетті шараларды әзірлеу бойынша жұмыс жалғастырылды. Атап айтқанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодекстің жобасын жаңа редакцияда келісу шеңберінде Ұлттық Банктің ұсынысы бойынша Ұлттық Банк пен Қаржы министрлігіне банк және салық құпиясы жөнінде ақпарат алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін нормалар қарастырылды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес валюталық реттеу саласында Ұлттық Банктің лицензиясы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті (валюта айырбастау пункттерінің қызметі) жүзеге асыру үшін ғана қажет. Қолма-қол шетел валютасы нарығын реттеудің бұдан былайғы бағыттарын айқындау мақсатында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша, оның ішінде операциялардың көлемі, айырбастау пункттерінің орын ауыстыруы, нарық субъектілері түрлерінің ерекшеліктері жөніндегі қызметке талдау жүргізілді, нарық өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізілді. Жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша қызметтің аталған түрін реттеуді жетілдіруге қатысты негізгі тәсілдер айқындалды. Мысалы, Салық кодексінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы жаңа редакциясы шеңберінде банктік емес айырбастау пункттеріне корпоративтік табыс салығының орнына белгіленген салықты уақытша (2020 жылғы 1 қаңтарға дейін) енгізу көзделді, сондай-ақ жергілікті атқару органдары белгілейтін салықтық мөлшерлеме шеңберіндегі мөлшерлемелер дәлізі айқындалды.

Сонымен қатар айырбастау пункттерінің айналымдары жөніндегі деректерді талдау негізінде қаржы нарығының аталған субъектілерінің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін ұлғайту туралы шешім қабылданды:

- Астана және Алматы қалаларында әрбір қосымша айырбастау пункті үшін 5 млн.теңгеден және 1 млн.теңгеден әрбір жеке пункт үшін 30 млн.теңгеге дейін;
- облыс орталықтарында әрбір қосымша айырбастау пункті үшін 5 млн.теңгеден және 1 млн.теңгеден әрбір жеке пункт үшін 20 млн.теңгеге дейін;
- өзге жерлерде әрбір қосымша айырбастау пункті үшін 3 млн.теңгеден және 600 мың теңгеден әрбір жеке пункт үшін 10 млн.теңгеге дейін.

2017 жылы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау шеңберінде жаңа уәкілетті ұйымдарға (банктік емес заңды тұлғаларға) 51 лицензия берілді, өз еркімен 46 лицензия қайтарылды. 2017 жылы 566 уәкілетті ұйымның қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қолданыстағы лицензиялары бар, республикада 3011 айырбастау пункті, оның ішінде 1847 банктік айырбастау пункті, уәкілетті ұйымдардың 974 айырбастау пункті және «Қазпочта» АҚ-тың 190 айырбастау пункті жұмыс істеді.

2018 жылы айырбастау пункттерінің жалпы саны 112-ге ұлғайды, бұл ретте уәкілетті банктердің айырбастау пункттерінің саны 6-ға ұлғайды, уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің саны 2-ге қысқарды және «Қазпочта» АҚ-тың айырбастау пункттерінің саны 108-ге көбейді [12].

Ұлттық Банк банктік емес айырбастау пункттері қызметінің айқындылығын арттыру және олардың жұмысына банк стандарттарын қолдану бойынша жұмысты жалғастырды. Атап айтқанда, уәкілетті ұйымдарды «Фискалдық деректер операторы» жүйесіне ерікті негізде қосу жұмысы жүргізілді. Бұл жүйенің міндеті мемлекеттік кірістер органдарына нақты уақыт режимінде қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу кезінде әрбір операция бойынша жеке-жеке деректер жіберу болып табылады. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Фискалдық деректер операторы» жүйесіне 25 айырбастау пункті (Астана, Алматы және Тараз қалаларында) бар 19 уәкілетті ұйым өз еркімен қосылды.

2017 жылы валюталық бақылау шеңберінде Ұлттық Банк валюталық заңнама саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтап, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1 287 іс қозғады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1 255 іс бойынша жаза қолданылды, олардың ішінде ескерту түрінде – 570, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 655 іс бойынша Ұлттық Банк (460 іс) және соттар (195 іс) салған айыппұлдар сомасы шамамен 341 млн теңгені құрады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 49 іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды, 13 іс қарау үстінде (2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша).

Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін уәкілетті банктен мен уәкілетті ұйымдарға қатысты 82 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды.

Валюталық бақылау мәселелері бойынша инспекциялау тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады. 2017 жылы Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын сақтау мәселелері бойынша 288 тексеру жүргізді, оның ішінде 264 тексеру субъектісі тәуекел дәрежесін бағалау негізінде айқындалды.

АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕР (ҚОРЫТЫНДЫЛАР)

Еркін өзгермелі айырбастау бағамына көшу валюта нарығының тепе-теңдік баға анықтауда тиімділігінің жеткіліксіз болуы мүмкін [13]. Айырбастау бағамының қатты өзгеруі еркін өзгермелі айырбастау бағамына деген бейімділікті көрсетеді, оның сенімділігін арттырады, валютаға қатысты қысымды әлсіретеді және пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге мүмкіндік береді [14].

Бірақ тепе-теңдік бағаны анықтаудың нарықтық процесі әлі де тиімсіз болып қалуда және нарықтық баға қаржы нарықтарында қандай да бір өзгерістерсіз теңгерімнен ұзақ уақыт ауытқи алады [15]. Бұл мәселе Ұлттық Банк тарапынан жетілдіру бағыттарын әзірлеуді талап етеді.

Осылайша, Ұлттық Банктің валюта саясаты Қазақстан экономикасының ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігінің арасында теңгерімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Атап айтқанда, Ұлттық Банктің ішкі валюталық нарықтағы сауда-саттықтарға қатысуы валюта нарығындағы ахуалды тұрақсыздандыруы және қаржы жүйесінің тұрақтылығына теріс ықпал етуі мүмкін болатын айырбастау бағамының күрт және айтарлықтай құбылмалылығын реттеу қажеттілігімен байланысты. Осылайша, Қазақстан экономикасының дамуына әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы құбылмалылықты және онымен байланысты капиталдың тұрақсыз ағындарын қоса алғанда, қолайсыз сыртқы факторлар әсер ететінін байқадық. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Никитинская Ю.В., Нечаева Т.В. Международные расчеты и валютные операции. – М.: ИНФРА-М, 2017. – 215 с.
- 2 Гилберт М. В поисках единой валютной системы. – М.: Прогресс, 2017. – 349 с.
- 3 Лухманова Г.К. Денежно-кредитная политика как приоритетная задача Национального банка Республики Казахстан в обеспечении стабильности цен. Вестник Университета «Туран». – №2 (62). – 2014. – С. 54-59.
- 4 Лухманова Г.К. Денежно-кредитная политика Республики Казахстан. Учебное пособие. Талдықорған: Жетісу университеті, 2014. – 129 с.
- 5 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсы // <http://www.nationalbank.kz>
- 6 Isaac Oluwatayo. Banking the unbanked in rural southwest Nigeria: Showcasing mobile phones as mobile banks among farming households. Journal of Financial Services Marketing. – 2013. – №18, 98 p.
- 7 Holland, Niklas Kreander. Establishing bank–corporate relationships and building competitive advantages. Journal of Financial Services Marketing – 2013. – №19, pp.274–393.
- 8 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты // <http://www.stat.gov.kz/>
- 9 Лухманова Г.К. Банк секторын қаржылық сауықтырудың қазіргі жағдайы: артықшылықтары мен кемшіліктері. І. Жансүгіров атындағы ЖМУ Хабаршысы. – № 4. – 2017. – Б. 87-93.
- 10 Калиева Г.Т. Коммерческие банки в Казахстане проблемы устойчивости. Экономика Казахстана. – 2013. – №2. – Б.67–73.
- 11 Каменева Е.А. Банк для страны. National Business. – 2011. – №7. – 118с.

- 12 Казахстан в цифрах: стат. сб. — Астана: Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан, 2017. — 19 с.
- 13 Шалашов, В.П. Валютные расчеты и бухгалтерский учет валютных операций в РФ / В.П. Шалашов, Н.Т. Шалашова. — М.: Интел-Синтез; Издание 3-е, перераб. и доп., 2015. — 640 с.
- 14 Abdou H.A., Pointon J. (2015). «Credit scoring, statistical techniques and evaluation criteria: a review of the literature». *Intelligent Systems in Accounting, Finance & Management*, Vol. 18, No. 2–3, pp. 59–88.
- 15 Crook J., Edelman D., Thomas L. (2016). «Recent developments in consumer credit risk assessment». *European Journal of Operational Research*, Vol. 183, No. 3, pp. 1447–1465.

REFERENCES

- 1 Nikitinskaya YU.V., Nechaeva T.V. *Mezhdunarodnye raschety i valyutnye operacii*. — М.: INFRA-M, 2017. — 215 s.
- 2 Gilbert, M. *V poiskah edinoy valyutnoy sistemyi*. — М.: Progress, 2017. — 349 s.
- 3 Luhmanova G.K. Denezhno-kreditnaya politika kak prioritnaya zadacha Natsionalnogo banka Respubliki Kazahstan v obespechenii stabilnosti tsen. *Vestnik Universiteta «Turan»*. — №2 (62). — 2014. — S. 54–59.
- 4 Luhmanova G.K. Denezhno-kreditnaya politika Respubliki Kazahstan. *Uchebnoe posobie*. Taldykorgan: Izdatelskiy otdel «ZhetIsu universiteti», 2014. — 129s.
- 5 Kazakstan Respublikasy Ulttyk Bankinin resmi internet-resursy // <http://www.nationalbank.kz>
- 6 Isaac Oluwatayo. Banking the unbanked in rural southwest Nigeria: Showcasing mobile phones as mobile banks among farming households. *Journal of Financial Services Marketing*. — 2013. — №18, 98p.
- 7 Holland, Niklas Kreander. Establishing bank–corporate relationships and building competitive advantages. *Journal of Financial Services Marketing* — 2013. —19, pp.274–393.
- 8 Kazakstan Respublikasy Ulttyk ehkonomika ministrigi Statistika komitetinin resmi sajty // <http://www.stat.gov.kz/>
- 9 Luhmanova G.K. Bank sektoryn karzhylyk sauyktyrudyn kazirgi zhagdajy: artykshylyktary men kemshilikteri. *I.ZHansugirov atyndagy ZhMU Habarshysy*. — № 4. — 2017. — B. 87–93.
- 10 Kalieva G.T. Kommercheskie banki v Kazahstane problemy ustojchivosti. *EHkonomika Kazahstana*. — 2013. — №2. — B.67–73.
- 11 Kameneva E.A. Bank dlya strany. *National Business*. — 2011. — №7. —118s.
- 12 Satkeev, O. *Valyuty mira tret'ego tysyacheletiya. The world currencies of the third millennium*. — М.: Bishkek, 2013. — 776 s.
- 13 SHalashov, V.P. Valyutnye raschety i buhgalterskiy uchet valyutnyh operacij v RF / V.P. SHalashov, N.T. SHalashova. — М.: Intel-Sintez; Izdanie 3-e, pererab. i dop., 2015. — 640 s.
- 14 Abdou H.A., Pointon J. (2015). «Credit scoring, statistical techniques and evaluation criteria: a review of the literature». *Intelligent Systems in Accounting, Finance & Management*, Vol. 18, No. 2–3, pp. 59–88.
- 15 Crook J., Edelman D., Thomas L. (2016). «Recent developments in consumer credit risk assessment». *European Journal of Operational Research*, Vol. 183, No. 3, pp. 1447–1465.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена проблеме стабилизации национальной валюты и эффективности валютной политики, проводимой Национальным Банком Республики Казахстан. Авторами статьи проанализированы показатели валютных операций за последние пять лет. В заключении оценена эффективность денежно-кредитной политики Национального Банка Республики Казахстан.

SUMMARY

The article is devoted to the problem of stabilization of the national currency and the effectiveness of the monetary policy pursued by the National Bank of the Republic of Kazakhstan. The authors analyzed the indicators of foreign exchange transactions over the past five years. In conclusion, the effectiveness of the monetary policy of the National Bank of the Republic of Kazakhstan is assessed.